# Есіл аудандық мәслихатының 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 3/3 "Есіл ауданы аумағында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

***Күшін жойған***

Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 2016 жылғы 18 тамыздағы № 7/5 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 28 қыркүйекте № 5548 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 2020 жылғы 17 маусымдағы № 72/4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 17.06.2020 № 72/4 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына, "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстарациялар ұйымдастыру мен өткізу тәрт ібі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы Заңының 10 бабына сәйкес, Есіл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Есіл аудандық мәслихатының "Есіл ауданы аумағында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 3/3 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5403 тіркелген, 2016 жылғы 13 маусымда " Жаңа Есіл" аудандық газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің Есіл ауданы аумағында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібіндегі:

2 тармақтың бірінші азат жолындағы "және пикеттер" сөздері алынып тасталсын;

5 тармақтың 1) тармақшасындағы "немесе тура көрініп тұрулары" сөздері алынып тасталсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы* | *К.Мистриди* |
| *Аудандық мәслихат хатшысы* | *С.Ағымбаева* |

"КЕЛІСІЛДІ"

| | |
|---|---|
| *Есіл ауданының әкімі* | *А.Қалжанов* |

18 тамыз 2016 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК